

## **Павлодар облысы Лебяжі ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы**

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 88/9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қаңтарда N 2858 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Лебяжі ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 22 қазандағы (III сайланған IX сессиясы) "Майқарағай, Шақа селолық округтерінің шекараларын өзгерту және Шоқтал ауылын Майқарағай селолық округі әкімшілік-аумақтық бағыныштылығынан Шақа селолық әкімінің әкімшілік-аумақтық бағыныштылығына беру туралы" N 6/9 бірлескен шешіміне, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 қарашадағы "Лебяжі ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 278/9 қаулысына сәйкес облыстық Мәслихат пен облыс әкімдігі

**Ш Е Ш І М** **Е Т Е Д І :**

1. Лебяжі ауданының Майқарағай, Шақа селолық округтерінің шекараларына жалпы аумағы 7490 га болып келетін Шоқтал ауылының жерін Майқарағай селолық округінен Шақа селолық округіне беру жолымен өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы А. Гуськов*

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*

*Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*